

**Көмірсутектер, жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету салаларындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарды айқындау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 489 қаулысы.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 12.02.2019 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі – көмірсутектер саласындағы;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті – жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарлар болып айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.02.2019 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.04.2016 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2015 жылғы 29 маусымдағы  
№ 489 қаулысына  
қосымша

**Бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар)**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.02.2019 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Лицензияның және жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етілетін қызмет түрінің атауы	Жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етілетін қызметтің кіші түрінің атауы
1	2	3
Көмірсутектер саласындағы қызметті лицензиялау		
1	Көмірсутектер саласындағы тау-кен өндірістерін (көмірсутектер), мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға арналған лицензия	<p>1) мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіру;</p> <p>2) көмірсутектер кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу (кәсіпшілік зерттеулер, сейсмикалық барлау жұмыстары; геофизикалық жұмыстар);</p> <p>3) мұнай; газ; газ конденсаты; қысыммен айдау ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстары;</p> <p>4) құрлықтағы; теңіздегі; ішкі су айдындарындағы көмірсутектер кен орындарында ұңғымаларды бұрғылау;</p> <p>5) кен орындарында ұңғымаларды жерасты жөндеу (ағымдағы; күрделі);</p> <p>6) көмірсутектер кен орындарында ұңғымаларды цементтеу; сынау; игеру; сынамалау;</p> <p>7) көмірсутектер кен орындарында ұңғымаларды консервациялау; жою;</p> <p>8) мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту;</p> <p>9) құрлықтағы; теңіздегі көмірсутектер кен орындарында мұнайдың төгілуін болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар;</p> <p>10) мұнай-химия өндірістерін пайдалану;</p> <p>11) көмірсутектер кен орындарына арналған жобалардың жобалық құжаттарын; технологиялық регламенттерін; техникалық-экономикалық негіздемесін жасау;</p> <p>12) магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану</p>
Жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету саласындағы қызметті лицензиялау		
2	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге арналған лицензия	<p>1) шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін табиғат қорғауға қатысты жобалау, нормалау;</p> <p>2) шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін экологиялық аудит.</p>

